


<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.1 57 беттен</p>
--	---	----------------------

БЕКІТІЛДІ
«М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімі
(хаттама № 3 «19» маусым 2025 ж.)



**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2025-2026 оқу жылына
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламаларына
ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Шымкент қ., 2025 ж.

Корпоративтік хатшының қолы

Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.2 57 беттен
---	--	---------------

1 Жалпы ережелер

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) келесі нормативті құжаттарға сәйкес әзірленген:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 5-бабы 11) тармақшасы;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (өзгертулермен толықтырылулар ендірілген 26.07.2024 № 372);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуден өткені туралы куәлік беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (өзгертулермен толықтырулар ендірілген 01.04.2025 №156);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сабақтас топтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтары (өзгертулермен толықтырулар ендірілген 02.08.2024 №387);

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы (өзгертулермен толықтырулар ендірілген 17.11.2024 №505);

6) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы.

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығы (өзгертулермен толықтырулар ендірілген 09.07.2024 №310);

8) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына және әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін әскери қызмет өткерген сарбаздарды іріктеу тәртібі» 2022 жылғы 2 қарашадағы № 988 бұйрығы.



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.3 57 беттен
---	--	---------------

2 Жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдау қағидалары

2.1 Бакалавриат білім беру бағдарламаларына қабылдау

2. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (бұдан әрі - ОҚУ) білім беру бағдарламаларына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

3. Оқуға қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын және мемлекеттік білім беру тапсырысын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қысқартылған оқыту мерзімдерін (3 жыл) көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды ОҚУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

5. Жоғары білімі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына (3 жылға дейін) ақылы негізде қабылдауды ОҚУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

2.2 Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

6. Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

7. Арнаулы және шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма төрағасы-ректор (бұдан әрі - Ректор) немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

8. Комиссияның құрамына ОҚУ-дың оқытушы-профессор құрамы (бұдан әрі - ОПҚ) қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандарды қабылдау жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет пен спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған тұлғалар да кіреді.

9. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және комиссия

<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» КеАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.4 57 беттен</p>
--	---	----------------------

мүшелерінің көпшілік дауысымен емтихан комиссиясының төрағасы сайланады. Емтихан комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Емтихан комиссиясының шешімі қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады.

10. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

11. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші тұлғалар шығармашылық емтихандар тапсыру үшін ОҚУ-дың қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ электронды сертификаты (болған жағдайда);
- 5) спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 6) 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

12. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 7 шілде және 16 шілде мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілде мен 15 шілде және 10 тамызбен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

13. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

14. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

15. Шығармашылық емтиханды өткізу нысаны осы Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

16. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік,



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.5 57 беттен</p>
--	---	----------------------

орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

17. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші тұлғалар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

18. Шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын ОҚУ-дың базалық сәйкестігі бар кафедралары әзірлейді және Ректормен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітіледі.

19. Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, тапсыру орны, кеңес беру) құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

20. Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

21. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

22. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.


23. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

24. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау тізбегімен және комиссияның хаттамасымен рәсімделеді. Емтихан комиссиясының хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

25. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

26. Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

27. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі береді, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.б 57 беттен</p>
--	---	----------------------

2.3 Қабылдау тәртібі

28. ОҚУ-дың студенттері қатарына қабылдау Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен, қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында өткізіледі.

29. ОҚУ-ға қабылдау үшін көрсетілетін қызмет алушылар www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартымен көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

30. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантының иегерлері, сондай-ақ оқуға ақы төлеуі азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен жүзеге асырылған оқуға түсушілер тиісті білім беру бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламасын таңдайды.


31. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен ҚР азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен бекітілген «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында» және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

32. ОҚУ-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

33. Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

34. Өз қаражаты және басқа да көздер есебінен ақылы оқуға түсу үшін талапкердің қаңтар, наурыз, мамыр, маусым немесе тамыз айларында өткен 2025 жылғы ҰБТ сертификаттарының біреуі болуы керек.

ҰБТ бейіндік пәндер комбинациясын таңдау ҰБТ өткізу қағидаларының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес таңдалған ББТ сәйкес болуы тиіс (олардың реттілігі емес, бейіндік пәндердің жиынтығы ескеріледі).



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) КеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.7 57 беттен
---	--	---------------

35. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты негізінде ҰБТ тапсырған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ОҚУ-ға қабылдану үшін кемінде 65 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша 75 балдан кем емес, «Құқық» – 75 балдан, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» – 50 балдан, «Ветеринария» бойынша – 50 балдан кем емес, оның ішінде Қазақстан тарихы пәні бойынша кемінде 5 балл, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 балл және әрбір бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет. Ақылы негізінде білім алу үшін осы Қағидаларының 3-ші қосымшасына сәйкес белгіленген балдан кем емес балл жинау қажет.

36. Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттарына түсетіндерді қоспағанда, жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты негізінде ҰБТ-дан кемінде 65 балл, ал «Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша 75 балдан кем емес, «Құқық» - 75 балл кем емес, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» – 50 балдан кем емес, «Ветеринария» – 50 балдан кем емес, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 балл және әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет. Ақылы негізінде білім алу үшін осы Қағидаларының 3-ші қосымшасына сәйкес белгіленген балдан кем емес балл жинау қажет.

37. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты негізінде ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

38. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

39. Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ)



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынап кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.8 57 беттен
---	--	---------------

(TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-да «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін бірыңғай тапсырған кезде және жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда, ҰБТ сертификаты үшін ең жақсы нәтижемен шет тілі (ағылшын тілі) бойынша балдар ескеріледі.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар осы Қағидалардың 4-ші қосымшасында белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

40. Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Қағидалардың 5-ші қосымшасында белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да «Қазақ тілі» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады және білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) ОҚУ ақылы бөлімге қабылданады.

41. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Қағидалардың 6-ші қосымшасында белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) ақылы бөлімге қабылданады.

42. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің мамандарын даярлаудың сәйкес бағыттарына түсушілерді қоспағанда белгіленген шекті балды алмаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ақылы негізде қабылданады. Бұл тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде оқу жылы бойы ҰБТ-ны 5 рет қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

Осы Қағидаларының 3-қосымшасында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша ОҚУ-дан шығарылуға жатады.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.9 57 беттен</p>
--	---	----------------------

43. ҰБТ-ның біреуінің нәтижелері бойынша шекті балл жинаған тұлғалар Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ОҚУ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

44. Өтінішке ҰБТ нәтижесі (электронды сертификат), уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

45. Оқуға түсушілер ОҚУ-дың қабылдау комиссиясына ұсынады:

- 1) Ректордың атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжаты (төлнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) ҰБТ электрондық сертификаты;
- 7) тізбе көшірмесі (шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (болған жағдайда).

2.4 Шетел азаматтарын қабылдау

46. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ОҚУ-дың қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

47. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

48. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

3 Жоғары орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау қағидалары

3.1 Жоғары орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау

49. ОҚУ-ға магистранттар және докторанттар қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.10 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

50. ОҚУ-ға қабылдау магистратураға түсуші тұлғаларды кешенді тестілеу және докторантураға түсуші тұлғаларды түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.2 Магистратураға қабылдау тәртібі

51. Магистратураға жоғары білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғалар қабылданады.

52. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі. Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 1 маусым мен 08 шілдесі және 28 қазан мен 10 қараша аралығында.

53. Білім бағдарламаларының тобы бойынша кешенді тестілеу күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамыз және 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында жүргізіледі. Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 16 мен 25 шілде және 21 мен 28 қараша аралығында өткізіледі. Магистратураға қабылдау күнтізбелік жылдың 15 тамыздан 28 тамызға дейін және 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін жүргізіледі.

54. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тест тапсырады.

55. Оқыту ағылшын тіліндегі жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

56. Кешенді тестілеуді өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

57. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар тапсырады:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан.

58. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.11 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, 7-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласы негізінде келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF- Prüfung;

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

59. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар, Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

60. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар, Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен өз қалауымен босатылады.

61. «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет

Корпоративтік хатшының қолы



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.12 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ОҚУ-ға қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификатының балдарын КТ балдарына ауыстыру жүзеге асырылмайды.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ОҚУ-ға ақылы негізде қабылданған кезде ОҚУ қабылдау комиссиялары тексереді.


Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

3.3 Магистратураға шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу

62. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Қағидаларының 11-ші қосымшасына сәйкес өткізіледі.

63. Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде ОҚУ-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

64. Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ОПК қатарынан қалыптастырылады және комиссия



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.13 57 беттен
---	--	----------------

төрағалары көрсетіле отырып Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

65. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

66. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

67. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

68. Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысы еркін түрдегі баға тізбесі мен комиссия хаттамасы арқылы рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

3.4 Магистратураға қабылдау

69. Магистратураға түсуші тұлғалар қабылдау комиссиясы арқылы немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі Ректордың атына өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа магистратураға түсу үшін);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) осы Қағидаларының 58 тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 7) Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланған кешенді тестілеудің нәтижелерін ресми растайтын бірегей берілгендері бар электрондық сертификат;
- 8) тізбе көшірмесі (шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 9) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (болған жағдайда).
- 10) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 11) ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі (бар болған жағдайда).



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» КеАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.14 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

70. Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу қорытындылары бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидалардың 12-ші қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидалардың 12-1-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

71. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

72. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша кемінде 75 балл, оның ішінде: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл

Корпоративтік хатшының қолы



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.15 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Әрбір шығармашылық емтихан бойынша максималды балл саны 35 болуы қажет.

73. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін кешенді тестілеу және шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін – кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін – кемінде 50 балл.

3.5 Докторантураға қабылдау тәртібі

74. Докторантураға «магистр» академиялық дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

75. Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі. Докторантураға өтініштерді қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 3 шілде мен 3 тамыз және 25 қазаннан 10 қарашаға дейін аралығында жүреді.

76. Докторантураға түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 мен 20 тамыз және 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізіледі. Докторантураға оқуға қабылдау күнтізбелік жылдың 15 мен 28 тамызына және 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін жүзеге асырылады.

77. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;


Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолингго Инглиш тест), шекті балл кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша:



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.16 57 беттен</p>
--	--	-----------------------

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво В1) (DSH, Niveau B1) (ДИСИЭИЧ, ниво В1) – В1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво В1) (TDF Niveau B1) (ТИДИЭФ, ниво В1) – В1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша В1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – В1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – В1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (ТСФ) (ТСФ) – В1 деңгейінен төмен емес;

бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілер үшін:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ);

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн));

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест);

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ);

TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ);

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ);

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ);

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ);

<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.17 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (ТСФ) (ТСФ);

78. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы Қағидаларының 77-ші тармағында көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

3.6 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

79. Түсу емтиханы осы Қағидаларының 14-ші қосымшасында көрсетілген докторантура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

80. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

81. Докторантура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханы қағаз форматында ОҚУ-да өткізіледі, бұл жағдайда, докторантураның түсу емтиханын тек ОҚУ-ға түсетін тұлғалар тапсырады.

82. Компьютерлік форматтағы түсу емтиханы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

83. ҰТО базасында докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы келесі бөлімдерден тұрады:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазу;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптары.

84. Қорытынды баға осы Қағидаларының 15-ші қосымшасына сәйкес эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар және ОҚУ-да әңгімелесу нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

85. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

86. Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ОПК қатарынан қалыптастырылады.



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.18 57 беттен
---	--	----------------

87. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

88. Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Ректор немесе немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

89. Оқуға түсуші тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсете отырып сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін өңдеуге жібереді.

90. ОҚУ-дың емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы Ұлттық тестілеу орталығына нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

91. Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтихан өткізілген күннен кейін келесі күні Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

92. ОҚУ-дың емтихан комиссиялары түсушілердің жұмысын тексеру кезінде Қағидалардың 16-қосымшаға сәйкес жауаптарды бағалау критерийлерін басшылыққа алады.

93. Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді ЖЖОКБҰ «Эссе жазу» және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименталдық-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Эссе жазу, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар блоктары бойынша апелляцияға өтініштерді ОҚУ апелляциялық комиссиялары қарастырады.

Республикалық апелляциялық комиссияның және ОҚУ апелляциялық комиссиясының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

94. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру

Корпоративтік хатшының қолы



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.19 57 беттен
---	--	----------------

салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Қағидалардың 17-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласы негізінде GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады.

3.7 Докторантураға қабылдау

95. Докторантураға түсуші тұлғалар қабылдау комиссиясы арқылы немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартында көзделген келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ректордың атына өтініш (еркін нысанда);
- 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;
- 5) осы Қағидаларының 77-ші тармағында белгіленген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификат;
- 6) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын электрондық құжат;
- 9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге оқуға түсушінің көзінше салыстыру үшін түпнұсқаларымен бірге ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

96. Докторантураға тұлғаларды ақылы бөлімге қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.20 57 беттен
---	--	----------------

білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

97. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

98. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квинтильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми эзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.


4 MBA және EMBA білім беру бағдарламаларына қабылдау

4.1 MBA және EMBA бағдарламаларының ерекшеліктері

99. MBA және EMBA бағдарламалары университеттің миссиясымен келісілген, жаңа құзыреттерді қалыптастыруға, зерттеулер мен кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындауға бағытталған, бизнестегі бұрынғы жұмыс тәжірибесін нығайту және дамыту негізінде кәсіби менеджерлерді қалыптастыруға бағытталған, менеджмент, заманауи бизнес-ортада жұмыс істейтін ұйымдар туралы алдыңғы қатарлы деңгейде жаңа білім алу, оларды әртүрлі, соның ішінде типтік емес, іскерлік жағдайларда қолдану құзыреттілігін дамыту, тұрақты өзгерістер және белгісіздік жағдайында басқару қабілетін қалыптастыру.

100. MBA және EMBA бағдарламаларының түлектері келесі білім мен дағдыларға ие болады:

- заманауи нарық ортасында ұйым қызметінің стратегиялық позицияларынан бизнесті басқару;
- ұйымдардың құрылымы, олардың мүдделі жақтармен (стейкхолдерлар) өзара әрекеттесу механизмдері, ұзақ мерзімді перспективада сыртқы контексте жұмыс істеу принциптері;
- стратегиялық басқарудағы көшбасшылық концепциялары;
- менеджменттің аналитикалық әдістері, диагностика, талдау және проблемаларды шешу әдістері, сондай-ақ шешім қабылдау және оларды тәжірибеге енгізу әдістері;



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.21 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

- бизнестің проблемалық аспектілерін талдау және оларды шешу жолдарын құру;
- сыртқы ортаның әсерін анықтау және басқарудың практикалық мәселелері бойынша шешім қабылдау кезінде оны ескеру;
- теория, заманауи зерттеулер мен практика талаптарды білу негізінде менеджменттің әртүрлі функционалдық аспектілерін біріктіру;
- компанияны басқару мәселелерін шешуде маркетингтік және қаржылық тәсілді қолдану;
- бизнесті жүргізу және оны басқару мәселелерін халықаралық ортадағы бәсекелестік позициядан қарастыру.

4.2 MBA және EMBA білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

101. MBA және EMBA бағдарламаларына жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын игерген Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары қабылданады.

102. MBA білім беру бағдарламасы бойынша оқу мерзімі – 2 жыл, EMBA бағдарламасы бойынша – кемінде 1 жыл.


103. MBA бағдарламасына үміткерлердің кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі, EMBA бағдарламасы үшін кемінде 2 жыл басқару тәжірибесі болуы керек.

104. MBA және EMBA бағдарламалары бойынша білім беру ОҚУ-дың жеке және заңды тұлғалармен жасасқан білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

105. MBA және EMBA бағдарламалары бойынша білім алу өндірістен қол үзбей жүргізіледі.

4.3 MBA және EMBA бойынша қабылдау емтиханын (сұхбаттасу) өткізу тәртібі

106. Қабылдау емтиханы өтініш берушімен оның мотивациялық эссе негізінде сұхбаттасу түрінде өткізіледі және оған ерекше назар аударылады. Ауызша сұхбатты емтихан комиссиясы әрбір үміткермен жеке жүргізеді. Үміткерге оның кәсіби және жеке әлеуетін бағалауға мүмкіндік беретін сұрақтар қойылады. Әрбір өтініш берушіге 20 минуттан артық уақыт берілмейді. Сұхбаттасу үміткердің таңдауы бойынша мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Қабылдау емтиханы күні үміткерлер тізімі бойынша сұхбаттасу өткізілетін аудиторияға жіберіледі, онда әрбір үміткерге сұхбаттасу уақыты белгіленеді.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.22 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

107. Сұхбаттасу MBA және EMBA таңдалған білім беру бағдарламасын меңгеру қабілетін анықтау үшін ең дайын үміткерлерді таңдауға, сондай-ақ үміткерлердің тәуелсіз эксперименттік зерттеулер мен жобалық қызметке дайындығын анықтауға бағытталған. Сұхбаттың негізгі міндеттері:

- үміткердің бизнесті басқару саласындағы білім деңгейін қазіргі нарықтық жағдайда ұйым қызметінің стратегиялық позициясынан тексеру;
- MBA және EMBA оқуға түсу себептерін анықтау;
- эксперименталды-зерттеу жұмысына мотивация деңгейін анықтау;
- эксперименталдық қызығушылықтар аймағын анықтау;
- тілдік дайындық деңгейін анықтау (қазақ, орыс, ағылшын);

108. Сұхбаттасу кезінде үміткер көрсетуі керек:

- бағыттағы пәндердің теориялық негіздерін білу;
- өз ниеттеріне сенімділік таныту және таңдаған университетінің қызметі мен білім беру бағдарламасы туралы хабардар болу;
- басқаруға заманауи тәсілін меңгеру;
- аналитикалық ойлау дағдыларын меңгеру, эксперименталды-зерттеу жұмысының нәтижелерін тұжырымдай білу;

– кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсат қою және міндеттерді тұжырымдай білу;

109. Әңгімелесуді бағалау критерийлері:


1) 90-нан 100 балға дейінгі баға емтихан комиссиясы қойған сұрақтарға толық жауап бергені үшін, бұнда үміткер көрсету керек: қазіргі заманғы бизнесті басқарудың негізгі бағыттарын терең білуі, өзінің эксперименталдық қызығушылықтарының саласын нақты айқындау және оларды толық, дәйекті және дәлел түрінде баяндау;

2) 70-тен 89 балға дейінгі баға емтихан комиссиясы қойған сұрақтарға жауап бергені үшін, егер жауап беру барысында жіберілген жекелеген дәлсіздіктер жауаптың жалпы сапасын қандай да бір түрде төмендетпеген жағдайда үміткерге қойылады, жауап параметрлері: қазіргі бизнесті басқарудың негізгі бағыттарын жақсы білу, өз эксперименталдық мүдделерінің саласын анықтай алу;

3) 50-ден 69 балға дейінгі баға талапкерге емтихан комиссиясы қойған сұрақтарға жауап бергені және кейбір дәлсіздіктермен сипатталатын, келесі жауап параметрлерімен қойылады: қазіргі заманғы бизнесті басқаруды дамыту негіздерін толық білмеу; өз мүдделерінің саласын анықтау кезінде жеке дәлсіздіктерге, жеткіліксіз дұрыс тұжырымдарға жол беру;

4) 0-ден 49 балға дейінгі баға емтихан комиссиясы қойған сұрақтарға жауап бергені үшін және талапкердің тиісті салаға сәйкес еместігін көрсете отырып, келесі жауап параметрлерімен қойылады: негізгі материалдың маңызды бөлігін білмеу; кәсіптік дайынсыздықты көрсету; жауапта фактілерді

Корпоративтік хатшының қолы



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.23 57 беттен
---	--	----------------

логикалық түсіндіру жоқтығы, дұрыс дәлелдеудің болмауы; академиялық пікірталас жүргізу ережелерін білмеу; этика мен этикеттің жоқтығы.


110. Мотивациялық эссенің көлемі 1-1,5 бет. Онда университетті және білім беру бағдарламасын таңдауды түсіндіріп, өз қызығушылықтары, тәжірибесі, жетістіктері мен мақсаттары туралы айту керек. Үміткерге өзін еркін түрде көрсетуге мүмкіндік беріледі. Мотивациялық эссенің құрылымы: кіріспе, қорытынды және бағдарламаны таңдаудың дәлелдері мен релеванттық дағдылар мен мансаптық мақсаттардың сипаттамасына арналған негізгі бөлім.

111. Мотивациялық эссе бағыттары:

- көшбасшылық;
- бәсекеге қабілеттілік;
- бизнесті басқару;
- цифрлық Қазақстан;
- ұлттық кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі бағыттары;
- бизнестің әлеуметтік-экономикалық аспектілері;
- жасанды интеллектіні дамыту;
- «ми ағыны» мәселелері және Қазақстан үшін еңбек миграциясының салдары;
- «Мәңгілік ел»: миф пен шындық;
- Қазақстанның үшінші мегаполисінің даму болашағы;
- Шымкент қаласының экология-экономикалық мәселелерін шешу;
- бюджеттік бағдарламаларды әкімшілендірудің тиімділігін арттыру;
- Қазақстандағы экономикалық өсудің драйверлері;
- Қазақстанның экономикалық интеграциясының болашағы;
- жаңа формациядағы кәсіпкерлерді қалыптастырудағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рөлі.

112. Сұхбат сұрақтарының үлгі тізімі:

- Неліктен біздің университетті таңдадыңыз?
- Неліктен MBA/EMBA білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
- Сіздің мансаптық мақсаттарыңыз қандай?
- Сіз қандай қосымша курстарды немесе бағдарламаларды оқыдыңыз?
- Жұмыс тәжірибесі барысында қандай дағдыларға ие болдыңыз?
- Сіздің күшті және әлсіз жақтарыңыз қандай?
- Қазіргі уақытта өмірдегі басты жетістігіңіз не деп санайсыз?
- Мақсатыңызға қалай жеткеніңізді айтыңызшы?
- Сіз жеке немесе командамен жұмыс істегенді ұнатасыз?
- Сіз әдетте ұжымда қандай рөлді аласыз?
- Белгілі бір жоба бойынша командалық жұмыс кезінде қандай рөлді орындағанды ұнатасыз?
- Негізгі қызығушылықтарыңыз қандай?
- 10 жылдан сон өзіңізді кім ретінде көресіз?



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.24 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

- Болашақта қандай жұмыс істегің келеді?
- Таңдаған бағытта өз мансабыңызды қалай дамытуды көздеп отырсыз?
- Сіз басқарған немесе жұмыс істеген ұйымдағы негізгі өзгерістер туралы айтып беріңіз.
- Стратегиялық ықпалыңыздың қалай болғанын айтыңыз.
- Проблемаға тап болған және оны шешкен жағдайды сипаттаңыз.
- Басқаларды бір нәрсеге қалай шабыттандырғаныңызды айтыңыз.
- Тәлімгер ретінде біреуді қалай өзгерте алдыңыз?
- Жаңа нәрсені қолға алған кезіңіз туралы айтып беріңізші.
- Ұжым алдында ұнамсыз көзқарасты қалай қорғауға тура келгенін айтыңызшы?
- Басқалар үшін күтпеген нәрсені ашуға мүмкіндігіңіз болған уақыт туралы айтып беріңіз.
- Команда мүшелерінің барлығы жеткілікті күш салмаса немесе нәтижеге тиісті деңгейде мән бермесе, сіз қалай қарайсыз?
- Өз өкілеттік шегінен шығып, бастаманы қолға алғаныңызға мысал келтіріңіз.
- Қазіргі бизнестің мәселелеріне қысқаша сипаттама беріңіз.
- Емтихан комиссиясына сұрақтарыңыз бар ма?


4.4 MBA және EMBA бағдарламаларына түсу тәртібі

113. MBA және EMBA бағдарламаларына оқуға түсетіндер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ректор атына өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжаты мен қосымшаларының түпнұсқасы;
- 3) кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы және еңбек өтілін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе жұмыс өтілін растайтын жұмыс орнынан анықтама;
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) жеке басын куәландыратын құжаттың немесе төлқұжаттың 3 данадағы көшірмесі;
- 7) түйіндеме / қысқаша өмірбаян;
- 8) мотивациялық эссе;

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқалары салыстырып тексеру үшін ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

114. MBA және EMBA бағдарламаларына қабылдау сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.25 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

5 Педагогикалық қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды қабылдау

5.1 Педагогикалық қайта даярлауды ұйымдастыру

115. ОҚУ-да тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін педагогикалық білімі жоқ, кәсіптік білімі бар тұлғаларды педагогтік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-III «Білім туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес (өзгертулер мен толықтырулар ендірілген 05.06.2020 № 234) «Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізуге асыруға «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-VҚРЗ және ҚР БжҒМ 17.03.2020 жылғы «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» №110 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

5.2 Педагогикалық қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды қабылдау тәртібі

116. Тыңдаушыларды ақылы білім алу үшін педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдауды ОҚУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

117. Педагогикалық қайта даярлау курстары - дипломнан кейінгі педагогикалық білім -*Post Graduate Pedagogical Education* (PGCE), EQF-тің 6-7 деңгейіне сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық емес білімі бар тұлғалар үшін ұйымдастырылады.

118. Сертификатталған курстар - педагогикалық қайта даярлау бойынша қосымша білім беру техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін ұйымдастырылады (ОРК-ның 4 және 5 деңгейі үшін).

5.3 Педагогикалық қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды түсу тәртібі

119. Педагогикалық қайта даярлау курстарына түсетін тұлғалар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ректор атына өтініш (18 қосымша);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың көшірмесі (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом);
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>б.26 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған кезде қабылдау комиссиясы құжаттарды қайтарады.

120. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің қосымша білім беру орталығы бұрын алған мамандығының бейініне сәйкес педагогикалық қайта даярлау курстарының білім беру бағдарламаларына (ББ) тыңдаушылардың түсуінің сәйкестік кестесін әзірлейді. Үміткерлер тиісті бейін бойынша білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін осы Қағидаларының 18-ші қосымшасына сәйкес өтініш береді.

121. Педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдап алу қабылдау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады және Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы шығарылады.

122. Педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылданғаннан кейін ОҚУ мен тыңдаушы арасында осы Қағидаларының 19-ші қосымшасына сәйкес жеке келісім-шарт жасалады.

6 Дайындық бөліміне (Foundation) тыңдаушыларды қабылдау

6.1 Дайындық бөліміне (Foundation) тыңдаушыларды жинақтау

123. ОҚУ-дың дайындық бөліміне (Foundation) оқуға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады.

124. Дайындық бөліміне мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

125. Талапкер оқуға алғаш рет түсетін болып жатса, онда оған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін білім беріледі.

126. Дайындық бөліміне ақылы негізде оқуға қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6.2 Дайындық бөліміне қабылдау тәртібі

127. Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдауды Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны интернет-ресурсында электронды



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.27 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

түрде жүзеге асырылады. Құжаттарды электронды түрде ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылады.

128. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылдың 5 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында жүргізіледі.

129. Конкурстық іріктеу үшін ОҚУ-дың ОПҚ арасынан іріктеу комиссиясы құрылады және комиссия мүшелері арасынан комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерінің саны оның төрағасын қосқанда тақ болады. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10 мен 15 қыркүйек аралығында өткізеді.

130. Конкурстық іріктеуді өткізу тәртібін қабылдау комиссиясы әзірлейді және бекітеді. Конкурстық іріктеу кестесін, күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін үміткерлердің назарына жеткізіледі.

131. Конкурстық іріктеуден өткен кезде талапкер өзінің жеке басын куәландыратын құжатты және құжатты тіркеу туралы хабарламаны көрсетеді.

132. Конкурстық іріктеу нәтижелері қабылдау комиссиясының еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және оған төраға мен комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

133. Қабылдау комиссиясының хаттамасының негізінде тыңдаушыларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша дайындық бөліміне қабылдау туралы шешім қабылданады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейін конкурстық іріктеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарына, қазақ ұлты болып табылатын шетелдік тұлғалардың және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалардың назарына жеткізіледі.

134. Дайындық бөлімінде оқу күндізгі және қашықтықтан оқыту түрінде жүзеге асырылады. Сабақтар күнтізбелік жылдың 1 қазанында басталады. Оқу мерзімі 9 айды құрайды.

135. Дайындық бөлімінде қашықтықтан оқу келесі тыңдаушыларға қарастырылған:

1) дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы болған жағдайда;

2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, үш жасқа толғанға дейін бала туған, асырап алған болса;

3) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, оқу жылы ішінде тұрғылықты жерін тастап кеткен және шекараның жабылуына, карантин жариялануына және оларға байланысты емес өзге де мән-жайларға байланысты қайтып орала алмайтын ұлты қазақ тұлғаларға;

136. Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысанда) беріледі.

137. Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын оқудан шығару негізі ретінде:



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.28 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

1) тыңдаушының өз еркімен оқудан шығару туралы өтініші;

2) ОҚУ-дың ішкі тәртіп Ережелерін бұзу.

138. Тыңдаушыны ОҚУ-дан шығару Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен рәсімделеді.

6.3. Дайындық бөліміне түсу тәртібі

139. Дайындық бөлімінің тыңдаушылары қатарына қабылдауды жүргізу қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың қыркүйек айының 25 мен 28 аралығында жүзеге асырады.

140. Дайындық бөліміне оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары келесі құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы қабылдау туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаты;

3) орта жалпы (жалпы орта), бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (орта білімнен кейінгі) білімі туралы құжаты немесе электрондық көшірмесі және оның қосымшалары;

4) 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

141. Дайындық бөліміне қабылдау үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы қабылдау туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаты немесе оның электрондық көшірмесі;

3) білім туралы құжаты немесе электрондық көшірмесі және оның қосымшалары, сонымен қатар мөрдiң аудармасын қоса алғанда, нотариалды куәландырылған сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса);

4) 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

142. Қабылданған кейiн шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау Ережесіне сәйкес нострификациялау рәсімінен өтеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген).

7. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ОҚУ білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

143. ОҚУ-дың студенттері қатарына мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	6.29 57 беттен
---	--	----------------

бұйрығымен, қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз және 20 желтоқсан 10 қаңтар аралығында қабылданады.

144. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ОҚУ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ОҚУ-дың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

145. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде ОҚУ-дың қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады.

Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

146. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ОҚУ-дың қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады.

Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

147. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар ОҚУ-ға түсу үшін ОҚУ қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- 1) Ректор атына өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) әскери билеттің көшірмесі;
- 7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе e-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған).

148. Салыстырып тексеру үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқалары ұсынылады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.



<p>Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ</p>	<p>«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары</p>	<p>6.30 57 беттен</p>
--	---	-----------------------

8 АҚШ-тағы серіктес университеттермен бірлесіп қос диплом бағдарламаларына қабылдау тәртібі

149. Университет қос диплом моделі бойынша АҚШ-тағы университеттермен әріптестік шеңберінде «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар», «Электротехника және энергетика», «Химиялық инженерия және процестер» бағыты бойынша бакалавриаттың бірлескен білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асырады. Филиалдарға түсу үшін республикалық бюджет қаражаты, жергілікті бюджет есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ақылы бөлімге тапсыруға орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар», «Электротехника және энергетика, Химиялық инженерия және процестер» бағыты бойынша - кемінде 65 балл жинауы қажет. Бұл ретте ҰБТ-ның «Қазақстан тарихы», екі таңдау пәндерден кемінде 5 балдан жинау қажет, «Математикалық сауаттылық» пен «Оқу сауаттылығы» бойынша 3 балдан кем болмау қажет.

150. ҰБТ сертификатынан басқа, оқуға түсушілер бар болса, жалпыеуропалық құзыреттерге (CEFR) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатты ұсынады. Ағылшын тілі бойынша шекті балы кемінде IELTS 5.0 сертификаты қабылданады.

151. IELTS халықаралық сертификаты жоқ тұлғалар ағылшын тілі бойынша ішкі түсу және қорытынды емтихандардан өтеді, сондай-ақ оқыту басталғанға дейін Intermediate деңгейінен төмен емес тілді меңгеру деңгейін міндетті түрде растай отырып, ОҚУ ұйымдастыратын қарқынды ағылшын тілі курстарынан өтеді. АҚШ-та төртінші жылы оқуға жіберу үшін ең төменгі балл IELTS 6.5 болатын сертификатын ұсыну міндетті шарт болып табылады.

152. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды беру «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығында қарастырылған жалпы негіздеме ретінде жүзеге асырылады. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ оқуға қабылдау кезінде ұсынылатын халықаралық сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін ОҚУ-дың қабылдау комиссиясы тексереді.



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) КеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.31 57 беттен
---	--	----------------

153. ОҚУ қабылдау комиссиясына түсушілер келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- 1) Ректор атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 3) жеке куәлік көшірмесі;
- 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат немесе қосымша емтихан тізбесінен көшірме;
- 7) ҰБТ сертификаты;
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (бар болған жағдайда);
- 9) Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады (бар болған жағдайда).

9 Қорытынды

154. Осы Қағидаларды бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен қосымшалар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі.

155. Егер осы Қағидалардың жекелеген тармақтары қолданыстағы Заңнамаларға қайшы келсе, онда бұл тармақтар жарамсыз болып табылады және осы тармақтармен реттелетін сұрақтар бөлігін осы Қағидаларға өзгерістерді ендірген уақытқа дейін қолданыстағы Заңнаманың және (немесе) Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Заурбеков Т.Т.



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.32 57 беттен
---	--	----------------

Қосымша 1

Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

№	ББТ нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
1	V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
2	V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
3	V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
4	V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
5	V027	Театр өнері
6	V028	Хореография
7	V030	Бейнелеу өнері
8	V031	Сән, дизайн
9	V033	Дінтану және теология
10	V042	Журналистика және репортер ісі
11	V073	Сәулет
12	V092	Тынығу
Арнаулы емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі		
	V001	Педагогика және психология
	V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
	V003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
	V009	Математика мұғалімдерін даярлау
	V010	Физика мұғалімдерін даярлау
	V011	Информатика мұғалімдерін даярлау
	V012	Химия мұғалімдерін даярлау
	V013	Биология мұғалімдерін даярлау
	V014	География мұғалімдерін даярлау
	V015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
	V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
	V017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
	V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
	V020	Арнайы педагогика

Корпоративтік хатшының қолы



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.33 57 беттен
---	--	----------------

Қосымша 2

Шығармашылық емтиханның өткізу формасы			
ББТ нөмірі	ББТ атауы	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер*	Спорт ойындары
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер*	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі*	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маска суреті)*	Кескіндеме (натюрморт)
B027	Театр өнері	Актерлік шеберлік, сахна тілі*	Би, вокал
B028	Хореография	Орындау шеберлігі*	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибе жұмыс
B030	Бейнелеу өнері	Сурет, кескіндеме*	Композиция
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме*	Композиция немесе сызу
B033	Дінтану және теология	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма*	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
B073	Сәулет	Сурет*	Сызу
B092	Тынығу	Орындау шеберлігі*	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері
* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша			

Корпоративтік хатшының қолы



Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Қағидалары	б.34-57 беттен
---	--	----------------

Қосымша 3

**Білім беру бағдарламалары тобы кескінінде ақылы бөлімге оқуға қабылдану үшін
ҰБТ шекті баллдары**

№	Білім беру бағдарламасы тобының коды	Білім беру бағдарламалары тобының атауы	ҰБТ шекті баллы	
			Толық	Қысқартылған
1	V001	Педагогика және психология	75	35
2	V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	75	35
3	V003	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	75	35
4	V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	75	35
5	V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	75	35
6	V006	Музыка мұғалімдерін даярлау	75	35
7	V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	75	35
8	V009	Математика мұғалімдерін даярлау	75	35
9	V010	Физика мұғалімдерін даярлау	75	35
10	V011	Информатика мұғалімдерін даярлау	75	35
11	V012	Химия мұғалімдерін даярлау	75	35
12	V013	Биология мұғалімдерін даярлау	75	35
13	V014	География мұғалімдерін даярлау	75	35
